

"Базалық салық мөлшерлемелерін түзету туралы"

Күшін жойған

Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 2015 жылғы 23 қыркүйектегі № 309 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 03 қарашада № 5207 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 2017 жылғы 11 мамырдағы № 05-16/126 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 11.05.2017 № 05-16/126 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 387-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес, Жаңақорған ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Автотұрақтарға (паркингтерге), автомобильге май құю станцияларына бөлінген (бөліп шығарылған) және казино орналасқан жерлерді қоспағанда, Қазақстан Республикасы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 379, 381 және 383-баптарында белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелері отыз пайызға ж о ғ а р ы л а т ы л с ы н .

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жаңақорған ауданы
мәслихатының кезекті XLV
сессиясының төрағасы

А. Шайыхов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қызылорда облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер департаментінің
Жаңақорған ауданы бойынша
Мемлекеттік кірістер басқармасы"
мемлекеттік мекемесінің басшысы

Ж.Талас _____

"23" қыркүйек 2015 жыл

Жаңақорған ауданы
мәслихаты хатшысының
уақытша міндетін атқарушы
С. Ысқақов

